

Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1287 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 15-4/513 бұйрығын қараңыз.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 6-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді қою және жою жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 3 қарашадағы
№ 1287 қаулысымен
бекітілген

Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидалар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидалар "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағына карантинді объектілердің әкелінуі мен таралуын болдырмау мақсатында әзірленді.

2. Егер залалданған карантинге жатқызылған өнімді жеткізушіге қайтару мүмкін болмаса, ал залалсыздандыру немесе қайта өңдеу карантинді объектілерді толық жоюға кепілдік бермесе және олардың ену және таралу қаупі төнсе, мұндай өнім алынып, жойылуға тиіс.

3. Карантинге жатқызылған өнімнің иесі жасырынса немесе карантинді объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімнен бас тартса, карантинге жатқызылған өнімді сақтау, әкету, қайта өңдеу немесе жою рәсімдеріне байланысты мәселелерді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары шешеді.

2. Карантинді объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді фитосанитариялық бақылау бекеттерінде алып қою және жою тәртібі

4. Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған өнімді алып қоюды (оның ішінде пошталық жөнелтілімдерден, қол жүгінен және багаждан) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1730 қаулысымен белгіленген нысан бойынша және тәртіпте Алып қою актісін жасай отырып, жүзеге асырады.

5. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор үш жұмыс күні ішінде Алып қою актісін (қажет болған жағдайда Республикалық карантиндік зертхана берген фитосанитариялық сараптама куәлігін қоса бере отырып) өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі - аумақтық инспекция) басшысының бұйрығымен

құрылатын, құрамы аумақтық инспекция, шекара және кеден қызметтері өкілдерінен тұратын, тұрақты жұмыс істейтін залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) жолдайды.

6. Комиссия Алып қою актісі негізінде:

- 1) залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою туралы шешім қабылдайды;
- 2) залалданған карантинге жатқызылған өнімді оқшаулау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 3) залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою тәртібін оның иесінің назарына жеткізеді;
- 4) тиісті қызметтерді тарта отырып, залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою орны мен тәсілін белгілейді.

7. Карантинді объектілердің таралуына және карантинге жатқызылған өнімнің мүмкін болатын ұрлануына жол бермеу мақсатында оларды сақтау уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден қызметі органдарының келісімі бойынша Комиссия белгілеген арнайы орындарда жүргізілуі тиіс.

8. Залалданған карантинге жатқызылған өнімді жоюды тиісті қызметтерді тарта отырып, өнім иесінің қатысуымен Комиссия жүзеге асырады.

9. Залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою фактісі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Актімен ресімделеді.

Акт екі данада жасалады: біріншісі - аумақтық инспекция үшін, екіншісі - карантинге жатқызылған өнім иесі үшін.

10. Залалданған карантинге жатқызылған өнімді сақтауға, тасымалдауға және көмуге байланысты барлық шығыстар осы өнім иесінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Карантинді объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді аумақта алып қою және жою тәртібі

11. Тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның, қаланың аумағында карантинге жатқызылған өнімді алып қоюды (оның ішінде пошталық жөнелтілімдерден, қол жүгінен және багаждан) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1730 қаулысымен белгіленген нысан бойынша және тәртіпте Алып қою актісін жасай отырып, жүзеге асырады.

12. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор үш жұмыс күні

ішінде Алып қою актісін (қажет болған жағдайда Республикалық карантиндік зертхана берген фитосанитариялық сараптама куәлігін қоса бере отырып) аумағында залалданған карантинге жатқызылған өнім анықталған аумақтық инспекция басшысының (комиссия төрағасы) бұйрығымен құрылған, құрамы аумақтық инспекция, сауда объектісі және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның немесе қаланың жергілікті атқарушы органы өкілдерінен тұратын, тұрақты жұмыс істейтін залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - комиссия) жолдайды.

13. Комиссия алып қою актісі негізінде:

- 1) залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;
- 2) залалданған карантинге жатқызылған өнімді оқшаулау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 3) залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою тәртібін оның иесінің н а з а р ы н а ж е т к і з е д і ;
- 4) тиісті қызметтерді тарта отырып, залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою орны мен тәсілін белгілейді.

14. Карантинді объектілердің таралуына және карантинге жатқызылған өнімнің мүмкін болатын ұрлануына жол бермеу мақсатында оларды сақтау уақытша сақтау қоймаларында немесе облыстың жергілікті атқарушы органының келісімі бойынша Комиссия белгілеген арнайы орындарда жүргізілуі тиіс.

15. Залалданған карантинге жатқызылған өнімді жоюды тиісті қызметтерді тарта отырып, өнім иесінің қатысуымен Комиссия жүзеге асырады.

16. Облысаралық тасымалдау, өндіру, дайындау, қайта өңдеу, сақтау және сату кезінде залалданған карантинге жатқызылған өнім табылған жағдайда өнім залалсыздандыруға немесе жоюға жатады.

17. Залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою фактісі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Актімен ресімделеді.

Акт екі данада жасалады: біріншісі - аумақтық инспекция үшін, екіншісі - карантинге жатқызылған өнім иесі үшін.

18. Залалданған карантинге жатқызылған өнімді сақтауға, тасымалдауға және көмуге байланысты барлық шығыстар осы өнім иесінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Карантинді	объектілермен
залалданған,	залалсыздандыруға
немесе	қайта өңдеуге
карантинге	жатқызылған өнімді

алып қою және жою
жөніндегі қағидаларға
қосымша

Карантинді объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді жою туралы АКТ

Акт жасалған орын _____ акт жасалған күн _____

Мынадай құрамдағы _____

_____ комиссия
(Т.А.Ә., лауазымы)

_____ (карантинге жатқызылған өнімнің атауы, саны)

_____ (карантинге жатқызылған өнім иесінің атауы, Т.А.Ә.

_____ (жою әдісін, орнын көрсету)
_____ жоюды жүргізді

Негіздеме _____
(қай құжаттың негізінде карантинге жатқызылған

_____ өнім жойылғанын (құжат нөмірін) көрсету
Комиссия мүшелерінің қолдары

_____ (Т.А.Ә., лауазымы)

20 жылғы "___" _____

Карантинге жатқызылған өнім иесінің (өкілінің) қолы

_____ (Т.А.Ә., лауазымы)

20 жылғы "___" _____